

[The74, 24.05.2017](#) [1]



State of Preschool Yearbook жыл сайынғы есебіне сәйкес, бір жарым миллионға жуық американдық бала 2015-16 оқу жылы мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарға барды, бұл тарихтағы ең үздік көрсеткіш болып табылады.

Колумбия округі 3 және 4 жасар балаларды мемлекеттік мектепке дейінгі бағдарламалармен қамту және осы бағдарламаларға жұмсалатын жалпы шығыстар бойынша қайта жетекші орынға ие болды. Есептің деректеріне сәйкес, а.ж. қалада 4 жасар балалардың 81%-ы және 3 жасар балалардың 70%-ы мектепке дейінгі ұйымдарға барды.

Штаттардың арасында Флорида 4 жастағы балалардың ең жоғары қамтылуын (76%), Вермонт 3 жастағы балалардың ең жоғары қамтылуын көрсетті. Жеті штат Айдахо, Монтана, Нью-Гемпшир, Солтүстік Дакота, Оңтүстік Дакота, Юта және Вайоминг бұрынғыдай мектепке дейінгі бағдарламаларды ұсынбайды:

Ұлттық деңгейде 4 жасар балалардың 32%-ы және 3 жасар балалардың 5%-ы мектепке дейінгі ұйымдарға барады. Баяндамаға сәйкес, 3 және 4 жастағы балалардың шамамен 8%-ы жуығы федералды бюджеттен қаржыландырылатын «Сәтті старт» (Head Start) мектепке дейінгі бағдарламаға қатысады. Бір балаға жұмсалатын мемлекеттік

шығыстар шамамен 5% артты.

Баяндамада федералдық үкімет 18 штатта жұмыс істейтін мектепке дейінгі білім беруді дамытуға бөлінетін субсидиялар бағдарламасын арттыруға ұсынылды.

Links

[1] <https://www.the74million.org/article/national-preschool-report-15-million>